

*А.Е. Мырзаханов*¹, Н.А. Мухаметжанова²*

*¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
PhD докторант, Қазақстан, Астана қ.,
E-mail: 87080077500@mail.ru*

*²Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, т.ғ.к., аға оқытушы, Қазақстан, Астана қ.,
E-mail: Nurg.1975@mail.ru*

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНДАҒЫ САЯСИ РЕПРЕССИЯЛАР ҚҰРБАНДАРЫН АҚТАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аңдатпа

Мақалада кеңестік кезеңдегі репрессиялық саясатты талдай отырып, Қарағанды облысында саяси қуғын-сүргінге ұшырағандарды ақтау туралы мәселелер қарастырылады. Қазақстандағы ХХ ғасырдағы репрессиялық саясаттың ерекшеліктері және ақтау мәселелері айқындалып, архив материалдарынан алынған деректер көрсетіледі. Мақаланың мақсаты мен міндеттері: Қарағанды өңіріне арнайы қоныс аударушылар келуіне тарихи тұрғыда талдау жасау; Қарағанды облысындағы ашаршылық пен саяси қуғын-сүргін қасіреті туралы деректерді зерделеу; Қарағанды облысындағы саяси қуғын-сүргінге ұшырағандарды архив деректері негізінде талдай отырып, статистикалық мәліметтер көрсету; Осы мақсат, міндеттерге сай Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау кезеңдері айқындалды және Қарағанды облысындағы саяси репрессиялар құрбандарын ақтау мәселелері талданды.

Сонымен қатар мақалада 1920-1950 жылдары Қарағанды облысына, Кеңес Одағының түкпір-түкпірінен, қуғын-сүргінге ұшыраған және жер аударылған адамдардың орналасу тарихы негізге алынған. Жалпы алғанда Қарағанды облысында жер аударылғандар арасында ең көп халық немістер болғандығы туралы мақалада көрсетілген. Ақтау мәселесі 1950 жылдардан бастап, жылдар бойы жүргізілгендігі қарастырылған. Мақаланы жазу барысында ақтау проблемалары көтерілді, Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау кезеңдері белгіленді.

Кілт сөздер: кеңестік тарих, қуғын-сүргін, ашаршылық, ХХ ғасырдағы Қазақстан тарихы, ақтау, саяси қуғын-сүргін кезеңдері, ақтау мәселелері, Ұлы Отан соғысы.

*Мырзаханов А.Е.*¹, Мухаметжанова Н.А.²*

*¹Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева,
PhD докторант, г. Астана, Казахстан
E-mail: 87080077500@mail.ru*

*²Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева,
Ок.и.н., старший преподаватель, г. Астана, Казахстан
E-mail: Nurg.1975@mail.ru*

ПРОБЛЕМЫ РЕАБИЛИТАЦИИ ЖЕРТВ ПОЛИТИЧЕСКИХ РЕПРЕССИЙ В КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

Аннотация

В статье рассматриваются вопросы реабилитации репрессированных в Карагандинской области с анализом репрессивной политики советского периода. Выявляются особенности репрессивной политики в Казахстане ХХ века и проблемы реабилитации, отражаются данные из материалов архива. Цель и задачи статьи: провести исторический анализ прибытия спецпереселенцев в Карагандинский регион; изучить данные о голоде и трагедии политических репрессий в Карагандинской области; показать статистические данные с анализом политических репрессий в Карагандинской области на основе архивных данных; определить этапы реабилитации жертв политических репрессий в Казахстане в соответствии с этой целью, задачами проанализированы вопросы реабилитации жертв политических репрессий в Карагандинской области.

Также в статье будет рассказано об истории дислокации репрессированных и депортированных в 1920-1950-х годах в Карагандинскую область, со всего Советского Союза. В целом среди ссыльных в

Карагандинской области наибольшее население составляли немцы. Рассматривается вопрос о том, что реабилитация проводилась с 1950-х годов, на протяжении многих лет. В ходе написания статьи были подняты проблемы реабилитации, определены этапы реабилитации жертв политических репрессий в Казахстане.

Ключевые слова: советская история, история Казахстана в XX веке, периоды политических репрессий, реабилитации, политических репрессий, проблемы реабилитации, репрессии, Великая Отечественная война.

*A.E. Myrzakhanov*¹, N.A. Mukhametzhanova²*

*¹Eurasian National University named after L.N. Gumilyov,
PhD doctoral student, Astana, Kazakhstan
E-mail: 87080077500@mail.ru*

*²Eurasian National University named after L.N. Gumilyov,
Candidate of Historical Sciences, Senior Lecturer, Astana, Kazakhstan
E-mail: Nurg.1975@mail.ru*

PROBLEMS OF REHABILITATION OF VICTIMS OF POLITICAL REPRESSION IN THE KARAGANDA REGION

Abstract

The article discusses the issues of rehabilitation of the repressed in the Karaganda region with an analysis of the repressive policy of the Soviet period. The purpose and objectives of the article: to conduct a historical analysis of the arrival of special settlers in the Karaganda region; to study data on famine and the tragedy of political repression in the Karaganda region; to show statistical data with an analysis of political repression in the Karaganda region based on archival data; to determine the stages of rehabilitation of victims of political repression in Kazakhstan in accordance with this purpose, the tasks analyzed the issues of rehabilitation of victims political repression in the Karaganda region.

The features of the repressive policy in Kazakhstan of the twentieth century and the problems of rehabilitation are revealed, data from the archive materials are reflected. The stages of rehabilitation of victims of political repression in Kazakhstan have been determined. The article will also tell about the history of the dislocation of the repressed and deported in the 1920s and 1950s to the Karaganda region, from all over the Soviet Union. In general, among the exiles in the Karaganda region, the largest population was Germans. The question is considered that rehabilitation has been carried out since the 1950s, for many years. During the writing of the article, the problems of rehabilitation were raised, the stages of rehabilitation of victims of political repression in Kazakhstan were determined.

Keywords: Soviet history, the history of Kazakhstan in the twentieth century, periods of political repression, rehabilitation, political repression, problems of rehabilitation, repression, the Great Patriotic War.

Кіріспе. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2020 жылғы 30 мамырдағы саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күніне орай жариялаған үндеуінде: «Біз жазықсыз жазаланғандардың әрқайсын есте сақтау арқылы ғана кемел келешекке жол ашамыз. Болашақтың берік негізі Тәуелсіздіктен бастау алады. Өткен ғасырдағы ең қилы кезеңнің бірінде жазықсыз жапа шеккендердің рухына тағзым ету - баршамыздың перзенттік борышымыз», - деп атап көрсетті. XX ғасырдың 20-50 жылдарындағы саяси қуғын-сүргін зобалаңы – халқымыздың тарихындағы қасіреттікезең. Тәуелсіздік алғаннан кейін ғана қалың жұртшылық миллиондаған адамның өмірін қиған жаппай саяси қуғын-сүргін мен аштыққа байланысты, отандық тарихтың қайғылы беттері туралы білуге мүмкіндік алды.

2021 жылы қаңтарда құрылған Саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия үлкен жұмыс жүргізуде. Қазақстанда алғаш рет осы оқиғалар мен процестерге толық тарихи құқықтық баға беруге бағытталған жетекші ғалым-сарапшылардың кешенді зерттеулері іске асырылуда. 1920-1950 жылдары Қарағанды облысы Кеңес Одағының түкпір-түкпірінен қуғын-сүргінге ұшыраған және жер аударылған адамдарды орналастыру орталығына айналды. Облыс аумағында Карлаг, кейінірек арнайы лагерьлер, соның ішінде Песчанлаг, Степлаг және т.б. болды. КСРО НКВД-ІІМ Қарағанды түзеу – еңбек лагері (Қарлаг) орталығы Долинка ауылында 1931 жылы 17 қыркүйекте «Гигант» совхозының базасында құрылды. 1959 жылы 27 шілдеде – Қарағанды облысы ІІМ-нің қамау орындары басқармасы болып қайта құрылды.

Әдістер мен әдіснамасы. XX ғасырдың 30-жылдарындағы саяси қуғын-сүргінге байланысты халқымыздың басынан өткенінің шынайы бейнесін қалыптастырудың әдіснамалық негізі ғылыми объективтілік пен тарихилық ұстанымдары болды. Объективтілік принципі фактілер мен оқиғаларды шынайылық пен кешенділік тұрғысынан қарастыруда көрінеді. Тарихи ақиқат тұрғысынан жинақталған тарихнамалық тәжірибе және зерттелетін тақырып бойынша, яғни саяси қуғын-сүргін құрбандары анықталған мәліметтер талданды.

Талқылау. Қарағанды облысындағы арнайы қоныстанушылар – зерттеуді қажет ететін бөлек тақырып. 1930-1950 жылдар аралығында Қарағанды облысы бүкіл Одақтан қоныс аударылған және репрессияланғандардың орны болды. Олардың ішінде кулактарды жер аудару, соғысқа дейінгі жылдардағы депортация (1936 ж.) және екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі халықтарды депортациялау, соғыстан кейінгі жылдар және т.б. Тарихшы Ким М.Ю. статистикасына сәйкес, 1931 жылдың соңына қарай Қарағанды арнайы қоныс аударушы ауыл топтарындағы адам саны 59 078 құрады [1, 55]. 1932 жылға қарай Қарағанды ауылдарының халық саны 100 мың адамға жетті. Негізінен халықтың жоғары көрсеткіші Кеңес Одағының барлық аумағынан әртүрлі ұлттардың еңбек және арнайы қоныс аударушыларын Қарағанды өңіріне көшіру есебінен болды [2, 6]. 1932 жылғы 7 мамырдағы БКП (б) Қарағанды қалалық комитеті бюросының жабық отырысында Қарағанды қаласында және оның жақын маңында 65 мың арнайы қоныс аударушылар, Карлаг тұтқындары және басқа да антисоветтік элементтердің өмір сүргені туралы мәліметтер бар [3, 117].

Түрлі деректерге сүйенсек, Қазақстанда Ұлы Отан соғысы жылдарында арнайы қоныстанушылар саны 900 мыңнан 1 миллион 209 мың адамға дейін болған [4, 20]. Қазақстан Компартиясы Қарағанды облыстық комитетінің анықтамасында келтірілген деректерге сүйенсек, 1949 жылғы 1-ші тамыздағы жағдай бойынша облыс аумағында барлығы 39 990 отбасы – 117 043 түрлі ұлт өкілдерінен тұратын арнайы қоныстанушылар тұрған. Оларды есепке алу үшін облыста Ішкі істер министрлігінің 113 арнайы комендатурасы құрылды [5]. Қазақстанға жер аударылған халықтардың барлығының дерлік өкілдері Қарағанды облысындағы арнайы қоныста болды.

Жалпы алғанда Қарағанды облысында жер аударылғандар арасында ең көп халық немістер болды. 1941 жылы тамызда КСРО Халық Комиссарлары Кеңесінің және БКП (б) Орталық Комитетінің 26 тамыздағы қаулысымен және КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 28 тамыздағы Жарлығымен неміс халқы диверсанттар, тыңшылар, фашистік көмекшілер деп жарияланды және туған жерлерінен күштеп шығарылуға тиіс болды. Түрлі мәліметтер бойынша, Қазақстанда 1941-1942 жылдары 255-тен 350 мыңға дейін неміс жер аударылды [2, 7]. 1949 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша Қарағанды облысында 24066 отбасы – 67210 неміс тұрғыны болды. 1952 жылдың желтоқсанында Қарағанды облысында 47 593 еңбекке қабілетті неміс болды, оның ішінде өнеркәсіп, құрылыс және көлік жұмыстарында – 36 910 адам пайдаланылды, ауыл шаруашылығында – 10 683 адам жұмыс істеді [6, 10].

Нәтижелері. Бұл мақалада Қарағанды облысында саяси қуғын-сүргінге ұшырағандарды ақтау туралы айтқымыз келеді. 1950 жылдардан бастап ақтау процесі жылдар бойы жүргізілді.

Қуғын-сүргінге ұшырағандарды ақтау 1953 жылы И.Сталиннің қайтыс болуынан басталғаны сөзсіз. Бірақ естеліктерге қарағанда халықтың өзі бұны әртүрлі қабылдады. Бірақ, барлығы қуғын-сүргінге ұшыраған және жер аударылған адамдарды ақтау басталады деп үміттенді. Степлагтың тұтқыны Ференц Варкони-Лебер өзінің естеліктерінде былай деп жазады: «Сталиннің қайтыс болғаннан кейінгі алғашқы айларда әлі қорқыныш сезіледі, бірақ бұл жолы чекистер қорқты; болашақ оларға алаңдаушылық пен үрей тудырды. Органдардың әлі де қажет екендігін дәлелдеп, сталиндік кезеңнен кейінгі алғашқы сынаққа төтеп беру қажет болды» [7].

Сол секілді, өзінің қуғын-сүргінге ұшыраған әкесі Голдберг Пейсах Залманович туралы естеліктерінде оның ұлы Голдберг Зиновий Пейсахович былай деп жазады: «1953 жылы, барлық адамдар сияқты, мен И.В. Сталиннің қайтыс болуына уыр қабылдадым, өйткені бүкіл халық соншалықты алданып қалды, тіпті біз, қуғын-сүргінге ұшыраған балалар да Сталинде әкеміздей, қайырымды адам деп Құдайдай көрдік. Өйткені, елдегі адамдар қандай да бір жаппай гипнозға ұшырады» [8, 10]. Голдберг Пейсах Залманович паровоз машинисі болған. Әйелі және екі баласымен Ленинградтан жер аударылған. 1937 жылы 58-10 бап бойынша қамауға алынып, Карлагқа жіберілді, 1943 жылы қайтыс болды. 1961 жылы Ленгорсуд Президумы ақтады [9].

КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1953 жылғы 27 наурыздағы «Рақымшылық жасау туралы» Жарлығының қабылдануын саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтаудағы алғашқы кезең деуге болады [10, 36].

Жарлыққа сәйкес Қарағанды облысында 5 жылға дейін сотталғандарға рақымшылық жасалды; жаза мерзіміне қарамастан қызметтік және шаруашылық қылмыстар үшін, сондай-ақ РСФСР Қылмыстық кодексінің [11, 1] келесі баптары бойынша сотталған әскерилер; 193 б.4 б. а, 193.7, 193.8, 193.10, 193.10 б.

а, 193.14, 193.15, 193.16 және 193.17 б. және одақтық республикалардың қылмыстық кодекстерінің басқа да тиісті баптары; сотталғандар: 10 жасқа дейінгі балалары бар әйелдер мен жүкті әйелдер; 18 жасқа дейінгі кәмелетке толмағандар; 55 жастан асқан ерлер мен 50 жастан асқан әйелдер, сондай-ақ ауыр, емделмейтін аурумен ауыратын сотталғандар және т.б.

Қарағанды облысы үшін Жарлық өте маңызды болды. 1954 жылы мамырда КСРО Бас прокуроры Р.А. Руденко революцияға қарсы қылмыстары үшін сотталған және лагерлерде, колониялар мен түрмелерде жазасын өтеп жатқан, сондай-ақ өзге елді мекендерге жер аударылған адамдарға қатысты барлық қылмыстық істерді қайта қарау туралы шешім қабылдады [10, 103-105]. Ол үшін республикаларда, өңірлерде, облыстарда комиссиялар құрылды. Содан кейін шамамен 800 000 адам ақталды. Осыған байланысты қуғын-сүргін, көркем шығармалардың кейбір естеліктері жариялана бастады.

Н.Хрущевтің 1956 жылы 25 ақпанда Сталин қайтыс болғаннан кейін КОКП-ның XX кезеңіндегі «Жеке тұлғаға табыну және оның салдары туралы» тақырыбында сөйлеген сөзінен кейін бұл процесс одан әрі жандана бастады. Осы кезеңде бірінші болып 1937-1938 жылдары саяси қуғын-сүргінге ұшыраған партия-кеңес қызметкерлері ақталды. Көптеген тарихшылар бұл кезең саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтауда шешуші кезең болғанын жазады [12]. 1953 жылы Сталин қайтыс болғаннан кейін тұтқындардың саны айтарлықтай азайды, ал 1960 жылы ГУЛАГ ресми түрде таратылды. Алайда, кейінірек те бірқатар еңбек колониялары болды, оларға саяси баптары бойынша сотталған кеңестік диссиденттер жіберілді. Алайда оның көлемі соншалықты әсерлі болған жоқ, ал жағдай Сталин кезеңіндегі сияқты төзгісіз болған жоқ. Бірақ, айта кету керек, ақтау процесі толық жүрген жоқ болатын, себебі «троцкизм» айыбы бойынша сотталған адамдар ақтауға жатпайтын.

1956 жылы наурызда КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының жанынан құрылған комиссия жарты жыл ішінде тағы 117 мың адамның, оның ішінде лагерлерде болған 81 мың адамның істерін қарады [12].

Қазақстан үшін бұл кезең маңызды болды, өйткені елде көптеген лагерлер мен 1937-1938 жылдардағы саяси қуғын-сүргін құрбандары жеткілікті болды. Елде 1954 жылдың 1 маусымынан 1956 жылдың 1 маусымына дейін 35853 адамға қатысты 28631 іс қайта қаралды. Оның ішінде 2855 адамға қатысты іс толық ақталуына байланысты тоқтатылды, 707 адамға қатысты іс қылмыс құрамы бойынша басқа санатқа ауыстырылды. 17703 адамға қатысты жаза мерзімі қысқартылды. 9129 адамға қатысты 1953 жылғы 27 наурыздағы «Рақымшылық туралы» Жарлық қолданылды. 348 адамға қатысты депортациядан бас тартылды. Жеті сотталушының біреуіне үкімге өзгерістер енгізуден бас тартылды (5111 адам) [13, 15-22].

Алайда, саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтаудың нақты шаралары 1980 жылдардың аяғында басталды. Кеңес азаматтарының ақталуына байланысты талаптар «қайта құру» процесімен бірге басталды. Халық елдегі өзгерістер саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтаумен де байланысты деп ойлады.

Мәселен, 1980-ші жылдардың ортасында Қарағанды облысы прокуратурасының құжаттарына сәйкес азаматтардан ақталғандығы туралы анықтама беруге көптеген сұраныстар, өтініштер келіп түсе бастады.

Мысалы, 1986 жылы 22 желтоқсанда Қарағанды облыстық прокуратурасына Поволжье немісі, арнайы қоныс аударылған Катцендорн Рейнгольд Ивановичтен өтініш келіп түсті [14, 1-15]. Оның деректері КСРО-дағы қуғын-сүргін құрбандарының бірыңғай дерекқорында бар. Катцендорн Рейнгольд Иванович (1914), Екатеринбургта дүниеге келген, неміс, №6 орта мектепте неміс тілі мұғалімі болып жұмыс істеген, Мәскеу облысы, Озери қаласында тұрды, БЛКЖО мүшесі болды, қамауға алынды: Коломенское а/о ҚМ МҚХКБ, оны 1941 жылы 29 шілдеде антисоветтік үгіт-насихат жүргізді, неміс әскерін мақтады, қызыл әскерге жала жапты деген айыппен тұтқындап, 1941 жылы 25 тамызда МӨО әскери трибуналында 58-10-бап 2-б. 3 жылға құқықтарын шектей отырып 6 жылға еңбекпен түзеу лагеріне соттады. Ақталған күні: 1956 ж. 7 қаңтар, ақтаушы орган: Жоғарғы соттың әскери алқасы [15]. Өз арызында ол келесі мәліметтерді көрсетеді. 1941 жылы 23-25 тамызда Мәскеу әскери округінің әскери трибуналымен РКФСР ҚК 58-10-бабы 2-тармағы бойынша 6 жылға бас бостандығынан айырылған. 1956 жылы қаңтарда КСРО Жоғарғы Сотының Әскери алқасы үкімнің күшін жойып, ақталды [14, 1-15]. Оның Қарағанды облысының прокуратурасына жазған өтінішіне сәйкес, негізсіз айыптан ақталғанына қарамас-тан, ол жыл сайын әртүрлі себептермен, мысалы, аңшылық қаруды тіркеу үшін нотариустан ақталған-дығы туралы анықтаманың көшірмесін алуға тура келетінін жазып шағымданады.

1987 жылғы 2 қарашадағы Қазан төңкерісінің 70 жылдығына арналған КОКП ОК, КСРО Жоғарғы Кеңесі және РКФСР Жоғарғы Кеңесінің бірлескен салтанатты отырысында М.С. Горбачев «Қазан және

қайта құру: революция жалғасуда» атты баяндама жасады. Ол өз баяндамасында: «кейінгі көптеген айыптаулар, әсіресе партияның XX съезінен кейіналынып тасталды. Мыңдаған жазықсыз зардап шеккендер толығымен қалпына келтірілді.

Бірақ әділеттілікті қалпына келтіру процесі аяқталмады және 60-жылдардың ортасында іс жүзінде тоқтатылды. Қазір ОК қазандағы (1987 жыл) Пленумының шешімдеріне сәйкес бұған қайта оралуға тура келеді. ОК Саяси бюросы осы мәселелерге қатысты жаңа және бұрыннан белгілі фактілер мен құжаттарды жан-жақты қарау үшін комиссия құрды. Комиссия жұмысының қорытындысы бойынша тиісті шешімдер қабылданатын болады» [16, 10-15]. М.С. Горбачевтің осы баяндамасынан кейін Қазақстанда қуғын-сүргінге ұшыраған адамдар мен олардың ұрпақтарының ақтау, құқықтарды қалпына келтіру мәселелері бойынша көптеген өтініштері келіп түсе бастады.

«Қайта құру» кезеңі, яғни саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтаудың екінші кезеңі 1987 жылы 28 қыркүйектегі саяси бюроның «30-40 жылдар мен 50-жылдардың басында орын алған қуғын-сүргінге байланысты материалдарды қосымша зерттеу жөніндегі» арнайы комиссиясын құрудан басталды [17, 109]. Құрылған комиссияның қарамағына 1953 жылдан кейін осы мәселелерді зерттеген комиссиялардың материалдары, сондай-ақ КОКП ОК-де, КОКП ОК жанындағы Марксизм-ленинизм институтында, МҚК-де, прокуратурада және КСРО Жоғарғы Сотында бар басқа құжаттар берілді. Қазақстанда осы кезеңде саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтауға белсенді әрекет жасалды.

Осыдан кейін Қарағандыда ақтаудың алғашқы қадамдары басталды. Қайта құру кезеңінде тоталитарлық жүйенің құрбандары өздерінің және қуғын-сүргінге ұшыраған жақындарының тағдыры, әлеуметтік жағдайлары мен құқықтық мәселелері туралы сөйлей, жаза бастады. Олар өздерінің хаттарын, естеліктерін «Индустриальная Караганда» газетінің редакциясына жолдады.

1988-1989 жылдары «Индустриальная Караганда» газетінде «Мемориал памяти», «История для всех» айдарлары ашылды. Рубрикаларда келесі мәселелер талқыланды: 1930-1940 жылдардағы жаппай қуғын-сүргін кезеңінің кеңестік тарихтағы аспектілері, облыстағы қайта құру процестері, Кеңес Одағындағы жариялылық. Оқырмандармен Қарағанды облысының белгілі тарихшылары, журналистері жұмыс істеді. Олардың қатарында Е. Бөкетов атындағы ҚарМУ оқытушысы (болашақ саяси ғылымдар докторы, профессор) Е.Ертісбаев, зерттеуші-өлкетанушы Е.Кузнецова және т.б. болды. Газет редакциясына келген оқырмандардың хаттары өз формалары бойынша – естелік хаттар, ой-толғау хаттары, пікірлер, штаттан тыс корреспонденттердің мақалалары. Хаттарда қозғалған тақырыптар – сталиндік қуғын-сүргін, қуғын-сүргінге ұшырағандардың, еңбек әскерлерінің, арнайы қоныс аударушылардың, интернационалист жауынгерлердің, Ұлы Отан соғысына қатысушылардың тағдыры болды. Жинаққа енгізілген құжаттардың көп бөлігі – бұл, газет оқырмандарының сталиндік лагерьлерде болғандығы туралы, өз халқына қарсы террорлық әрекетпен болған сталинизм дәуірі туралы, «Мемориал памяти» айдарына жіберілген хаттары [8]. Көптеген хаттар, соның ішінде сталиндік лагерь тұтқындарынан, «еңбек әскерлері», арнайы қоныс-танушылардан, Ұлы Отан соғысына қатысушылардан, интернационалист жауынгерлерден (Ауғанстанмен соғыста қызмет еткен сарбаздар) келіп түсті.

Редакцияға соғыс жылдарында қуғын-сүргінге ұшыраған әскери адамдар туралы хаттар да көп түсті.

Мысалы, соғыс ардагері И.Ф. Ткаченко өзінің хатында Сталиннің соғыс кезіндегі қателігі туралы жазады. «Сталиннің әскери қолбасшылар мен офицерлерге қарсы репрессиясы соғыстың басында армия басшылығын әлсіретті», - деді ол. «Халық Сталинге сенді, ал ол ешкімге сенбеді және қатыгездік жасады» делінген [18, 1-4].

1987 жылдан 1988 жылға дейінгі кезеңде КОКП ОК Саяси бюросының атына ақтау процесін жеделдету және кеңейту туралы ұсыныстары бар әртүрлі жазбалар түсті, бұл КОКП ОК Саяси бюросының 1988 жылғы 11 шілдедегі «1930, 1940 және 1950 жылдардың басында негізсіз қуғын-сүргінге ұшыраған адамдарды ақтаумен байланысты жұмыстарды аяқтау жөніндегі қосымша шаралар туралы» [17, 43] қаулысын қабылдауға әкелді. Бұл қаулының орындалуы бүкіл Қазақстан бойынша жүргізілді.

Жарлық бойынша бірінші кезекте «үлкен террор», яғни 1937-1938 жылдардағы репрессияға ұшыраған коммунистер ақталды. Қарағанды облыстық партия комитетінің қорында осы жылдар ішінде коммунистік партия қатарына қайта қабылданған коммунистердің тізімі, соған байланысты мәліметтер жинақталған [19, 1-2]. Сол құжаттарға сілтеме жасай отырып, 1988 жылғы шілдеден 1991 жылғы қаңтарға дейінгі кезеңде осы қаулының Қарағанды облысында орындалу барысы туралы мәліметтерді келесі кестеден көруге болады.

Қалпына келді		108
Қалпына келтірілген саны	Басшылықтағы партия қызметкерлері	17
	Советтік қызметкерлер	20
	Шаруашылық қызметкерлер	35
	Комсомол қызметкерлері	2
	Қызметкерлер және колхозшылар	19
	Интеллигенция	13
	Бұрынғы әскери қызметшілер	2
	БКП(б) мүшелері, бауырлас партиялардан ауысқандар	1
	Өзгелер	-
Қайтыс болғаннан кейін	100	
Қалпына келтіруден бас тартылды		-
Партиялық стаж бойынша үзілісті алып тастау туралы қаралған істердің жалпы саны		-
Мүшелікті қалпына келтіру бойынша оң шешімдер қабылданды		1
Іс қарауда		9

(Қарағанды облысы бойынша 1988 жылғы шілдеден 1991 жылғы қаңтарға дейінгі кезеңде «30-40-шы жылдары және 50-ші жылдардың басында негізсіз қуғын-сүргінге ұшыраған адамдарды ақтауға байланысты жұмысты аяқтау жөніндегі қосымша шаралар туралы» КОКП ОК-нің 11.07.88 жылғы қаулысының орындалу барысы туралы ақпарат.)

Жалпы, жоғарыда аталған қаулы негізінде (МҚМ деректері бойынша) 1956-1961 жылдары Қарағанды облыстық партия комитеті партияда қалпына келтірген, 1930-1950 жылдардағы қуғын-сүргінге ұшыраған коммунистердің саны, 1988-1990 жылдары - 376, оның 251-і, 1988 жылғы 1 шілдеге дейін партияда қалпына келтірілді. 1988 жылдың шілдесінен бастап - 12 коммунист ақталды, оның ішінде - 9 сот органы, 3-КСРО ҚК Жарлығымен [19].

КСРО МҚМ азаматтардың шағымдары мен өтініштеріне қарамастан істерді қайта қарау бойынша жұмысты жалғастыруға нұсқау берді. Тек 1988 жылы прокуратура органдары 16 090 істі қайта қарады, ол бойынша 13 173 адам ақталды. Қылмыстық істерді қайта қарау жөніндегі қызмет тереңдеген сайын КОКП ОК Саяси бюросында ПХК-ның ерекше үштігі және өзге де соттан тыс органдар соттаған барлық азаматтарды (кейбір ерекшеліктерді қоспағанда) «автоматты» ақтауға қатысты пікірлер пайда бола бастады.

Бұл ұстаным азаматтарды қылмыстық жауапкершілікке тартқан соттан тыс органдардың, КСРО Конституциясының қызметіне сәйкес келмеді және олардың заңсыз құрылуы мен жұмыс істеуіне байланысты осы органдардың барлық шешімдерінің күшін жоюды ұсынды.

Нәтижесінде КСРО Жоғарғы Кеңесінің 1989 жылғы 16 қаңтардағы Президиумы «30-40-шы және 50-ші жылдардың басында орын алған қуғын-сүргін құрбандарына қатысты әділдікті қалпына келтіру жөніндегі қосымша шаралар туралы» Жарлықты бекітті, онда мемлекет ресми түрде ОГПУ алқаларының, ПХК-ның ерекше үштіктерінің, ПХК – МҚМ-ПМ жанындағы ерекше жиналыстың конституцияға қарсы екенін мойындады. Осы органдар мен КСРО шығарған барлық шешімдер жойылды. Осы жарлықтан кейін қуғын-сүргінге ұшырағандарды ақтаудың кең ауқымды процесі басталды. Жаппай саяси қуғын-сүргін фактісі ресми түрде танылды. Бұл өз кезегінде қуғын-сүргін құрбандары туралы деректерге қол жеткізуге мүмкіндік берді. Нәтижесінде Ұлы Отан соғысы кезеңіндегі Отан сатқындары мен жазалау-шыларынан, ұлтшыл қылмыскерлерден, ұлтшыл бандиттік топтардың қатысушыларынан және олардың серіктестерінен, қылмыстық істерді бұрмалаумен айналысатын жұмысшылардан, сондай-ақ қасақана кісі өлтірулер мен басқа да қылмыстар жасаған адамдардан басқа барлығы ақталды деп танылды.

Осы Жарлық күшіне енген сәттен бастап мемлекеттік органдарға ақтау туралы анықтама алуға көптеген өтініштер түсе бастады. Осындай органдардың бірі Қарағанды облысының прокуратурасы болды.

Қарағанды облыстық прокуратурасының қорында әсіресе арнайы қоныс аударушылардан келіп түскен өтініштер көптеп кездеседі. Оған мысал ретінде, Суглобованың жұмыс өтілін қайта есептеу және басқа да жеңілдіктер алу үшін ақтау туралы анықтаманы сұрап жазған өтініші [20, 2-4]. Архивтік анықтамаға сүйенсек, 1928 жылы дүниеге келген Суглобова Лина Теодоровна 1941 жылғы 12

қыркүйектегі КСРО Халық комиссарлар кеңесінің қаулысымен неміс ұлтының өкілі ретінде Крымнан күштеп жер аударылған. 1941 жылдан бастап 1956 жылғы 20 қаңтарға дейін арнайы қоныс аударушы ретінде тізімде тұрған. Сондай-ақ онымен бірге тізімде оның анасы және ағасы Бруно мен апайы Эльза тұрғаны жазылған.

Дәл осы секілді 1941-1956 жылдар аралығында Новосибир облысы Тогучин ауданына Баку қаласынан арнайы қоныс аударылған және отбасылық есепте тұрған Л. Дерр отбасын айтуға болады [20, 4-6.]. Олар 1990 жылғы 13 тамыздағы КСРО Президентінің Жарлығын негізге ала отырып отбасы мүшелерін ақтауды және ақтау туралы анықтама беруді сұрайды. Архив деректерінде олардың осы Жарлықтың негізінде ақталғандығы жөніндегі анықтамалар да бар.

Қарағанды облысының прокуратурасына азаматтарды ақтауға байланысты мәселелер бойынша, азаматтардан көптеген хаттар келіп түсті. Хаттардың көпшілігі қуғын-сүргінге ұшырағандарды әлеуметтік қорғауға қатысты болды, өйткені 1993 жылғы 14 сәуірдегі Заң әлеуметтік қорғау бөлігінде жетілдірілмеген және жеңілдіктер берудің нақты механизмі болмады.

Мысалы, 1993 жылғы 15 сәуірде Қарағанды облысының прокуратурасына 1919 жылы туған арнайы қоныстанушы А.Ф. Пуотялистенәлеуметтік қорғау бөлімінің қызметкерлері тарапынан жеңілдіктер бермеу және ақтау туралы анықтама беру туралы өтініш келіп түсті. Ұлты бойынша литвалық, 1946 жылы 18 желтоқсанда заңсыз сотталып, 1955 жылдың шілдесіне дейін Қарағанды облысында бас бостандығынан айыру орындарында, 1959 жылдың 20 қаңтарына дейін Қарағанды облысынан жер аударылды. Мұрағат құжаттарына сүйенсек, көптеген сауалдардан, тәртіптік іс жүргізуден және қаулыдан кейін ақталуы бойынша куәлікті және жәрдемақы мен жеңілдікті Қарағанды қаласының Халықты әлеуметтік қорғау бөлімі берген [21, 7-19].

Ақтау туралы куәліктерді қабылдаудан бас тартудың ең көп тараған себебі оларды беру туралы шешімді Қазақстан Республикасының прокуратурасы мен соты емес, басқа мемлекеттердің – бұрынғы одақтас республикалардың құқық қорғау органдары қабылдағаны болды. Бұл өз кезегінде 1993 жылғы 14 сәуірдегі Заңның «КСРО азаматтардың өзінің өкілдік ететін органның немесе лауазымды адамдардың орналасқан жері бойынша ақтау туралы өтініштер беру құқығын» бұзу болып табылды.

Қорытынды.

1950 жылдан 1990 жылға дейін жүргізілген ақтау процесінің ауқымды жұмысына қарамастан, қуғын-сүргін құрбандарының барлық санаттарын толық ақтау мәселесі ашық күйінде қалды.

Бұл көптеген себептерге байланысты, біріншіден, 1990 жылға дейін жүргізілген ақтау процесерінде қазақстандық ерекшелік ескерілмеді, екіншіден, саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы Заңның жетілмегендігі, үшіншіден, жергілікті архивтердің аз зерттелуі және көптеген тарихи құнды құжаттарды архивтерде «құпия» белгісімен сақталуы.

Мұрағаттық деректерді талдау Қарағанды өңірінде ақтау процесінде көптеген проблемалар болғанын көрсетеді. Бұл, заңның ақтау туралы анықтамалар беру бөлігінде жеңілдіктер мен әлеуметтік төлемдерді беру бөлігінде дұрыс қолданылмауы кейбір жағдайларда тіпті Заңның орындалмауы, жоғары тұрған органдардың тапсырмаларын орындауда тиісті ведомстволар тарапынан ұйымдастырылмауы және жауапсыздығы, ақтаудың нақты тетігінің болмауы және басқалар.

Қарағанды өңірінің ақтау саясатын архивтік деректер негізінде талдай отырып, кемшіліктердің болуына қарамастан, ақтау саясаты жүргізілгенін байқауға болады.

Пайданылған әдебиеттер тізімі

1. Ким М.Ю. Социально-бытовые условия спецпереселенцев в карагандинском угольном бассейне // Вестник томского государственного университета. История. 2014. №3(29). С.55
2. Спецпереселенцы в Карагандинской области. Сборник документов и материалов // Сост. Р.М. Жумашиева, Л.В. Михеева / Под. ред. Е.К. Кубеева. – Караганда: Изд-во КарГУ, 2007 – 6 с.
3. Государственный архив Карагандинской области. Ф. 3п. Оп. 1. Д. 25. Л. 117.
4. Материалы «круглых столов» и семинаров. – Алматы, 1996. – С.20.
5. Государственный архив Карагандинской области Ф. 239. Оп. 1. Д. 41. (документ №101)
6. Немцы в Карагандинской области (конец XIX – 90-е гг. XX века). Сборник документов и материалы. Часть 1 // Сост.: Л.В. Кулакова (отв.), О.А. Яковенко // Под.ред. У.А. Амантаева. Караганда, 2011. 248 с. С.10
7. Ференц Варкони-Лебер «Пока однажды»//Континент. 1975. №3. С.323-361 http://krotov.info/libr_min/03_v/ar/conyi.htm
8. Государственный архив Карагандинской области. Ф. 1478. Оп. 1. Д.4. Л.10
9. <https://www.partner-inform.de/memoirs/detail/goldberg-z/all/all/24>

10. Реабилитация: как это было. Документы Президиума ЦК КПСС и другие материалы. В 3-х томах. Том 1. Март 1953 — февраль 1956. Сост. Артизов А. Н., Сизачев Ю.В., Хлопов В.Г., Шевчук И.Н. — М.: МФД, 2000. - 450 с.
11. Государственный архив Карагандинской области. Ф.205. Оп.1. Д.1. Л.1
12. Жемкова Е., Рогинский А. Между сочувствием и равнодушием – реабилитация жертв советских репрессий: материалы международной конференции «После диктатур: работа с жертвами в Европе» (Институт им. Ханна Арент по изучению тоталитарных режимов, Дрезден, 27–29 июня 2013 года), статья опубликована на немецком языке в сборнике *Nach den Diktaturen. Der Umgang mit Opfern in Europa. Dresden, 2016.*
13. Архив Президента Республики Казахстан Ф.708. Оп.28. Д.1574. Л.15-22
14. Государственный архив Карагандинской области. Ф.205. Оп.9. Д.114.Лл.1-15
15. [https://ru.openlist.wiki/Кацендорн_Рейнгольд_Иванович_\(1914\)](https://ru.openlist.wiki/Кацендорн_Рейнгольд_Иванович_(1914))
16. Коммунист. 1987. № 17. С.10-15.
17. Известия ЦК КПСС. 1989. № 1. С. 109.
18. Государственный архив Карагандинской области. Ф.1478. Оп.1. Д.36 Лл.1-4
19. Государственный архив Карагандинской области Ф.1. Оп.70. Д.153. Лл.1-2.
20. Государственный архив Карагандинской области Ф.205. Оп.9. Д.231. Св.277. Лл. 2-4.
21. Государственный архив Карагандинской области Ф.205. Оп.6. Д.1210. Св.30. Лл. 7-19.

Reference

1. Kim M.Yu. Social and living conditions of special settlers in the Karaganda coal basin // *Bulletin of Tomsk State University. Story.* 2014. No. 3(29). P.55
2. Special settlers in the Karaganda region. Collection of documents and materials // *Comp. R.M. Zhumasheva, L.V. Mikheeva / Under. ed. E.K.Kubeeva. – Karaganda: Publishing House of KarSU, 2007. – 6 p.*
3. State archive of the Karaganda region. F. 3p. Op. 1. D. 25. L. 117.
4. Materials of round tables and seminars. – Almaty, 1996. – P.20.
5. State Archives of the Karaganda Region F. 239. Op. 1. D. 41. (document No. 101)
6. Germans in the Karaganda region (late XIX - 90s of the XX century). Collection of documents and materials. Part 1 // Compiled by: L.V. Kulakova (responsible), O.A. Yakovenko // Ed. U.A. Amantaeva. Karaganda, 2011. 248 p.
7. Ferenc Varkony-Leber “Until One Day” // *Continent.* 1975. No. 3. P.323-361
http://krotov.info/libr_min/03_v/ar/conyi.htm
8. State archive of the Karaganda region. F. 1478. Op. 1. D.4. L.10
9. <https://www.partner-inform.de/memoirs/detail/goldberg-z/all/all/24>
10. Rehabilitation: how it happened. Documents of the Presidium of the CPSU Central Committee and other materials. In 3 volumes. Volume 1. March 1953 - February 1956. Comp. Artizov A.N., Sigachev Yu.V., Khlopov V.G., Shevchuk I.N. - M.: MFD, 2000. - 450 p.
11. State archive of the Karaganda region. F.205. Op.1. D.1. L.1
12. Zhemkova E., Roginsky A. Between sympathy and indifference - rehabilitation of victims of Soviet repression: materials of the international conference “After dictatorships: working with victims in Europe” (Hannah Arendt Institute for the Study of Totalitarian Regimes, Dresden, June 27–29, 2013 year), the article was published in German in the collection *Nach den Diktaturen. Der Umgang mit Opfern in Europa. Dresden, 2016.*
13. Archive of the President of the Republic of Kazakhstan F.708. Op.28. D.1574. L.15-22
14. State archive of the Karaganda region. F.205. Op.9. D.114.L.1-15
15. [https://ru.openlist.wiki/Кацендорн_Рейнгольд_Иванович_\(1914\)](https://ru.openlist.wiki/Кацендорн_Рейнгольд_Иванович_(1914))
16. Communist. 1987. No. 17. P.10-15.
17. News of the CPSU Central Committee. 1989. No. 1. P. 109.
18. State archive of the Karaganda region. F.1478. Op.1. D.36 L.1-4
19. State Archives of the Karaganda Region F.1. Op.70. D.153. L.1-2.
20. State Archives of the Karaganda Region F.205. Op.9. D.231. St.277. L. 2-4.
21. State Archives of the Karaganda Region F.205. Op.6. D.1210. St.30. L. 7-19.